Martьn
6
Sembi
№ 53 (4357). 1937-çьl.

Bykil çer çyzinin proletariarь, siriginderi

# SOTSIJALDЬ QAZAQЬSTAN

Çeke nəmiri 10 tьjьn.

REDAKSIJANЬN ƏDRESI: Alma-ata qalasь, Gogil kөcesi, № 41-yj. Гор. Алма-ата, Гоголевская, дом №41

BK(b)P Өlkelik komijtetinin Qazaq SSR-ьnьn Ortalьq Atqaruv Komijtetinin Propessijalьq sojuvzdardьn өlkelik sovetinin çana BK(b)P Alma-Ata oвlьstьq komijtetinin gazeti.

# Tamaca postanopka

*Bajsejitiвa Kyləc*
*(SSR Sojuvzьnьŋ ordendь qalьq artiskasь)*

Orьs drama teatrьnьŋ kollektiвi dajьndaqan „Tyngi sarьn" pijesasьnьŋ postanopkasьn əte quvanьc pen kərdik. Meniŋ ojьmca orьs drama teatrь tвorcestвolьq əsyv çolьnda, çalqьz orьs pijesalarь emes, ojnavlarьna əte qьjьn qazaq pijesalarьn da meŋgerip aluvqa çaraqanьn kərsetti. Yjtkeni, вurьn, вostandьq ycin kyresken qazaq kedejlerinin, gerojьnьŋ oвrazь men вostandьqqa qarsь qandь cengelin acqan qasqьrdьŋ qaвanьndaj qara çyzdi вajlarь men вolьstarьnьŋ oвrazьn qazaq teatrьnьŋ saqnasьnan qana kəryvci edik, вygin orьs teatrьnьŋ saqnasьnan da kərdik.

Əsirese artisterdiŋ dijksijasь əte kycti, olardьŋ saqnadaqь səzi zrijtelge tolьq çetip otьrdь, osьdan „Tyngi sarьn" daqь ər вir səz əserli cьqtь.

„Tyngi sarьn" dь kərsetyv çeninde rijçessor da, вykil tвorcestвolьq kollektiв te izdenip, zerttegenin kərsetti. Yjtkeni, qazaq pijesasьn ojnap çyrgen artisterdiŋ orьs ekeni tek səzinen qana вiliнedi. Əsirese Çyz-tajlaq, Mərçən, Çantas, Majqan, Qьdьc, muqalimniŋ rəlin atqarqan artister ajta qalarlьq kərnekti oвraz çasaj вilgen.

Bul taвьsqa вykil çurtcьlьqьmьz quvanadь. Qazaqtьŋ Memlekettik Akademijalьq Drama teatrь kece orьs klassijgi Gogəldiŋ „Reвijzorьn" ojnap Qazaqьstan kərkem ənerine вir ylken çaŋa taвьs qosьp edi, orьs drama teatrьnьŋ qazaq pijesasьn orьs saqnasьna cьqara вilyvi ekinci вastь taвьsьmьz вolьp sanaluvь kerek.

„Tyngi sarьn" postanopkasьnьŋ usaq kemcilikteri de вar, ol çyre tyzeletin kemcilikter. Tuvьsqan orьs artisterinin alqacqь adьmьna qutть вolsьn ajtamьn. Qazaq pijesalarьn orьs zrijteldеrine kərsete вeryvine tilektespin.